

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 8 мамырдағы N 222 Конституциялық Заңы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 17-18, 114-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 192-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

4 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бәсең сайлау құқығы - Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихатының депутаты немесе жергілікті өзін-өзі басқару органына мүше болып сайлану құқығы.";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Президентіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің, мәслихаттардың депутаттығына кандидат, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидат ретінде:

1) тіркелу алдындағы бір жыл ішінде сыбайлас жемқорлық тұрғысында құқық бұзғаны үшін тәртіптік жауапқа тартылған;

2) тіркелу алдындағы бір жыл ішінде қасақана қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

3) тіркелу уақытына қарай соттылығы өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіп бойынша алып тасталмаған адамды тіркеуге болмайды.";

7-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

54-баптың 1-тармағындағы "заңда белгіленген тәртіппен алынып тасталмаған соттылығы болмауға" деген сөздер алынып тасталсын;

5 9 - б а п т а :

5-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) психикалық денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;"

6-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) психикалық денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;"

7 3 - б а п т а :

4-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) психикалық денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;"

5-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) психикалық денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;"

8 9 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) психикалық денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;"

3-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) психикалық денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;"

1 0 4 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) психикалық денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;"

3-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) психикалық денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама."

1 1 8 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) психикалық денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама."

3-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) психикалық денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті